

Жұмыстың басталуы

1.1 Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық

Prestigio Data Safe I құрылығысымен жұмысты бастамас бұрын ұсынылған барлық қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта мазмұндалған барлық нұсқауларды басшылыққа алыңыз.

1.2 Жүйеге қойылатын талаптар

- Компьютер: IBM PC/AT – біріккен
- Қамтамасыз етілетін операциялық жүйелер:
 - IBM PC-бірікке компьютер:
 - Microsoft Windows 98SE / Me / 2000 / XP / Vista
 - Mac OS :
 - Mac OS 10.2 немесе одан кейінгі нұсқасы (FAT32 форматы ғана)
 - Linux :
 - Linux 2.4.X и 2.6.X (FAT32 форматы ғана)

1.3 Жеткізу жинақтылығы

- HDD X 1 қатқыл магниттік дискілердегі жинақтау блогы
- USB (20 см) сымы X 1
- USB (60 см) сымы X 1
- Тасымалдау қаптамасы X 1
- Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы X 1

2. Негізгі функциялар және операциялар

2.1 «Plug & Play» қысқаша қосу функциясы

Құрылғыны өзіңіздің компьютеріңіздің USB портына қосқаннан кейін алмалы дискінің пиктограммасы мәзір терезесінде пайда болады.

2.2 Деректерді жазу және оқу

Қатқыл магниттік дискілердегі қарапайым жинақтаудағы осы құрылғының көмегімен файлдарды сақтау немесе жүктеу операцияларын жүзеге асыра аласыз. Деректерді оқу/жазу операциялары қатқыл дискінің жұмысы кезінде тиісті операцияларға ұқсас.

2.3 Құрылғыны сөндіру

Windows 2000 және XP OS жүйелеріндегі деректердің жоғалу қаупін төмендету үшін келесі дискіні алу процедурасын басшылыққа алыңыз:

- ◆ Компьютердің ақпараттық панелінен құрылғыны қауіпсіз алу пиктограммасын табыңыз.
- ◆ құрылғыны қауіпсіз алу пиктограммасын екі рет басыңыз; құрылғыны ажырату терезесі автоматты түрде пайда болады.
- ◆ Қажет құрылғыны таңдап, «Тоқтату» [Stop] пернесінің көмегімен өзіңіздің компьютеріңіздің USB портынан құрылғыны қауіпсіз шығара аласыз.



Ескерту: USB құрылғысын ажырату кезінде индикатордың жыпылықтағаны тоқтағанына көз жеткізіңіз. Индикатордың жыпылықтауы компьютер мен құрылғы арасында деректердің берілуін растайды. Осы уақытта құрылғыны ажыратуға болмайды. Деректердің белсенді берілу сәтінде құрылғыны ажырату маңызды ақпараттың жоғалуына және Prestigio Data Safe I құрылғысының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.